



МҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№102
(2273)
Сенбі
21 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ "АМАНАТ" ПАРТИЯСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «АМАНАТ» партиясының Қазалы аудандық филиалында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келген тұрғындар аудан әкіміне өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға келушілердің басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу мен тұрғын үй кезегі мәселесін қозғады. Мұнан бөлек Әйтеке би кентіндегі бірқатар көшелерге асфальт қабаты мен қиыршық тас төсеп беруді, және ойын алаңын салу, көше жарықшамдарын орнату мен әлеуметтік көмек сұраған тұрғындарда болды.

Аудан басшысы

жұмыссыздық мәселесі бойынша мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс арқылы да жұмыс істеуге мүмкіндік барын жеткізді. Ал тұрғын үй кезегі бойынша бүгінгі таңда ауданда халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен қамту бойынша жұмыстардың қарқынды жүргізіліп жатқандығын айтып, кезектілікке сәйкес баспанаға қол жеткізетіндерін айтты. Басқа да мәселелер бойынша да тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар атқарылатынын айтып, соған сәйкес жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сала қызметкерлерін мерекемен құттықтады.

Энергетика – кез келген саланың алтын өзегі. Өндірістік сала мен барлық мекемелердің үзіліссіз жұмыстары, тұрғын үйлердің жылуы мен жайлылығы, халық тұрмысының сапалылығы, мұның барлығы Сіздердің еңбектеріңізге тікелей байланысты. Елімізде аталмыш саланы дамыту мен қолдау мақсатында көптеген шаралар жасалуда. Бүгінде Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және Қожабақы ауылының электр желілері қайта жаңғыртылса, алдағы уақытта аудан орталығы мен бірқатар ауылдардың жер учаскелері инфрақұрылыммен қамтылатын

болады. Осындай жауапты міндет жүктелген мамандықты меңгерген еңбектеріңізге алғысымды білдіремін, - деді аудан әкімі.

Мерекелік жиында аудандағы энергетика саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар сала мамандарына аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды. Сонымен қатар №26 Қызылорда электрмен жабдықтау мекемесінің электромеханигі Марат Төребеков Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының «Құрметті энергетик» төсбелгісімен марапатталды.

Жиын соңында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш мерекеге орай ізгі лебізін жеткізсе, аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары ән шырқап, жиылғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

МӘЖІЛІСТЕ ҚАРЖЫ ИГЕРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте 2024 жылдың 11 айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттің атқарылуы мәселесі қаралды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы өңіріміздің негізгі көрсеткіші болып табылады. Жылдың аяқталуына санаулы күндер ғана қалды. Сондықтан, жыл соңына дейін барлық сала бойынша белгіленген межелеріміз толық орындалуы қажет. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібіне қатысты көрсеткіштер мен барлық макрокөрсеткіш бойынша өсімге қол жеткізу керек, - деді аудан әкімі.



Мәжілісте аудан басшысы 2024 жылға жоспарланған барлық қаражатты толығымен игеру жөнінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қатаң тапсырма жүктеді. Соған сәйкес аудан басшысы бюджеттің игерілуіне қатысты берілген тапсырмалардың орындалуын жауапты орынбасарына бақылауға алуды тапсырды.

Мәжіліс соңында аудан әкімі күн тәртібінен бөлек бірнеше өзекті мәселелерге тоқталып, тиісті бөлім басшылары мен округ әкімдеріне бірқатар тапсырмалар берді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Мемлекеттік қызметші, қоғам мен азаматтар арасындағы жауапкершілікті сезіне отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативті-құқықтық актілер талаптарын мүлтіксіз сақтауға, жалпы қағидаттар мен адамгершілік нормаларын сақтауға, қызмет барысында және тұрмыста жоғары парасатты, мәдениетті болуға талпынуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне әрқашан да үлкен мән беріліп келеді. Өйткені мемлекеттік қызметкер - қоғамның айнасы. Демек, оған қойылар талап та жоғары. Атап айтсақ, мемлекеттік қызметші мемлекеттің мүддесіне және азаматтардың құқығына залал келтіретін іс-қимылдарға қарсы тұруға, заңмен белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті.

Әрқашанда қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби, жоғары дәрежеде көрсете білуі тиіс. Осы орайда мемлекеттік қызметшілердің моралдық - адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» қабылданды. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік

қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Кодекс талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне, мемлекеттік және басқа тілдерге құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға, жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауы тиіс.

**Сұлтан ЖҮНІС,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің
жетекші маманы**

ЖОЛДА АБАЙ БОЛ, ЖҮРГІНШІ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткенін айтып, жол-көлік оқиғасының жиілеп кеткеніне алаңдаушылық білдірді. Расында, жыл сайын жолда орын алатын төтенше жағдайлардан өкінішке орай, екі мыңнан астам адам көз жұмады екен. Келеңсіз жағдайлардың негізгі себебі неде, қалай алдын алуға болады? Бұл ретте елімізде оның ішінде біздің өңірде де тиісті шаралар атқарылып жатыр. Десе де әр адам өзінің де, өзгенің де өміріне асқан жауапкершілікпен қарауы тиіс. Тиісті сала мамандарының айтуынша, жол апатының негізгі себебі – жылдамдықты арттыру, мас күйінде және ережені сақтамай көлік жүргізу. Яғни көлік рөлін игергендер арасында жауапкершілік төмендеп, жолда жүру ережесін сақтамайтындар бар. Бұған әсер ететін факті көп.

Ал қыс мезгілінде қар жауып, оның арты көктайғаққа ұласып жатады. Осындай кездері жаяу жүргіншілердің де, автомобиль

жүргізушілердің де жарақат алу қаупі артады. Сондықтан әртүрлі дене жарақатын алмас үшін аса сақтықпен жүрген дұрыс. Қалың қар жауып, көктайғақ болған жағдайда коммуналдық қызметтері кептеліс пайда болмас үшін жолдарды қардан және мұздан тазартады.

Қазалы қаласы көшелеріндегі автомобиль жолдары және жаяу жүргіншілер жолдарын қысқы маусымда күтіп ұстау үшін «Қазалы келбеті – 2019» СТК мекемесі жүйелі жұмыс жүргізеді. Ол үшін биылғы жылға 25 текше метр құм, 6,6 тонна тұз жұмсалады.

Жолда жүргенде абай болыңыз және сақ болыңыз. Жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен, ал олар болмаған кезде жол жиегімен қозғалуы тиіс. Бұның барлығы өзіңіздің қауіпсіздігіңіз үшін екендігін естен шығармаған жөн. Басты байлық – денсаулық. Оны сақтау, жол ережелерін бұлжытпай орындау, жауапкершілік жүгін сезіну апат пен аңсыздықтан алыстатады.

**Олжас АЛДОНҒАР,
Қазалы қаласы әкімінің
аппаратының жетекші
маманы**

ЕР ЖІГІТТІҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫ

Бауыржан Момышұлы ағамызбен сыйласып, табысып, сөздері жарасып жүрген жазушы Нәбиден Әбуталиев болса керек. Сырттай қарағанда аға араласатындай ерекшелігі болмаған. Сонда да Нәбиден аға сәлем беруге, мерейтойларымен құттықтауға келгенде, Бәукең: «Өз батыр бабам Адайдың ұрпағы, кел,- деп жылы қабақ танытып, жақсы көңілмен қабылдаса керек.

Бірде Нәбиден аға батыр үйіне келгенде Бәукеңмен сәлемдесіп болғаннан кейін осы үйге жақындағанда алдынан екі ит шығып шошытқанын айта бастайды да «ойпырмай-ай, итті «жеті қазынаның бірі» десек те, итпен бірге бір үйде қалай тұрады екен. Екі бірдей итті асырағанша бір жетім баланы бағып, сауабын алмай ма?», – дейді.

«Орыстар ойына келгенді істейді» деуші еді аталарымыз бен әжелеріміз. Итті бала-сындай еркелетіп, тұмсығынан сүйіп, бағып-қағу орыстардың әдетіндей көрінетін бұрын. Қазір қаладағы қазақтарда ит жетектеуді сәнге айналдырған. Оларға айттың не, айтпадың не, өз білгендерін істейді.

Осы кезде Бауыржан ағамыз – жаңа сен «Жеті қазына» деп қалдың, оның не екенін өзін білесің бе,-дейді.

-Е-е білмегенде ше? Жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қақпан, алмас кездік, сұлу әйел – деп Нәбиден аға тоқмай санап шығыпты.

-Сандырақ! – депті Бауыржан ағамыз – бұлар бүкіл халыққа қалай қазына болды? Мұны «Ер жігіттің жеті қазынасы» деп анықтап айту керек. Бұл ер азаматтың жеке басына, тұрмыс-тіршілігіне қажетті бағалы дүниелеріне байланысты айтылған.

Жүйрік ат жігіттің қанаты. «Ат ер қанаты» дегендей, атсыз жігіттің күні қараң болған. Қыран

бүркіт – жігіттің алғырлығы, бүріп түсер күш-қуаты. Құмай тазы – сенімі, досқа адал беріктігі. Берен мылтық – отты қаһары. Қақпан – серті, бір сөзді мәрттігі. Алмас кездік – сұсы, айбыны. Сұлу әйел – елдің бәріне сұлу қайдан табыла берсін, бірақ сұлу болсын-болмасын, ол ер азаматтың артындағы қамалы, шаңырақтың отты береkesі. Сұлу әйел дегенде тек бет әлпеті, көркі емес, оның жан тазалығы, ақыл парасаты, айтылған сөзі болуы керек. Беті жылтыраған ұрғашының бәрі қазынаға жатпаса керек. Сөздің қысқасы ержігіттің басындағы осы жетеуі түгел болса, таршылық көрмейді депті бұрынғылар. Бұлайша тарқату қазақ халқының сонау бір кездегі өмір-тіршілік, тұрмыс-салты қасиетінен туындаған. Бүгінгі заман жігіттерінде бұлар қазынаға жатпайды. Әр кезеңнің өлшемі сол өмірге сай болатыны заңды. Жүйрік ат мініп, қыран бүркіт ұстап, Құмай тазы ертіп, Берен мылтық асынып, қақпан бөктеріп, кісесіне қыңға салған асыл кездік байлап жүретін заман келмеске кеткен. Ол тарих болып қалған. Ауылдық жерде саятшылықпен айналысатын бірен-саран ғана адамдар бар. Енді осы Жігіттің жеті қазынасымен сабақтас. «Жігіттің жеті өнері» дейтін де ұғым болған. Әнші, күйші, ақын, палуан, аңшы, атбегі, құсбегі – қазақ осының бәрін ер жігіттің басына місе тұтпай, «Жігітке жеті өнерде аз»- деген. Көрдiңдерме ер азаматтың атына сай болуы үшiн жігіттерге қандай талап қойып, мiндет жүктегенiн, – деп сөзiн аяқтапты.

Бағанадан бері ағаға қарап отырған Нәбиден:

- Бәуке, мынау айта жүретін керім әңгіме екен. Біз әшейін бірдеңені жаттап алып, аржағына – түп қазығына үңілмей «білеміз» деп күпінеді екенбіз – деген екен.

**Дайындаған
Жеткербай МАХАМБЕТ**

ЖҰҚА МҰЗ ҚАУІПТІ

Қазір өзендер мен көлдердің мұзы қалың. Мұның көп қаупі бар, өйткені мұз өзінің және қардың салмағынан төмен басылып, жарылады. Осы жарықтардан су кіріп, мұз шайылып жұқарады. Бірақ балалар осындай қауіптен сезіктенбей, мұз үстіне шығып, бейқам хоккей ойнайды, тік жарлардан шанамен сырғанайды.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері ата-аналардан балаларын байқаусыз қалдырмауын сұрайды.

Үлкендер де кейде өздерінің автомобильдерімен балық аулауға мұзға шығады немесе автомобильдерімен мұз үстінде жарысып, ұшқалақтық іс-әрекет жасайды. Өміріміз осындай көңіл көтеретін ойындарға тұрмайтынын есте сақтаңыздар. Мұз үстіндегі ойындар өте қауіпті.

Егер де Сіз біреудің апатқа ұшырағанын көрсеңіз 112, немесе 101 телефоны арқылы құтқару қызметін шақыртып, зардап шеккенге көмек көрсетіңіз. Көмек көрсете отырып, келесі

ережелерді сақтаңыз:

– мұз сынған жерге еңбектеп жақындаңыз, өйткені өзіңіз мұз астына түсіп кетуіңіз мүмкін;

– құтқарған уақытта жақын жерде жатқан тақтайша, бұтақша, шаңғы, шана немесе басқа затты пайдалану керек. Осы заттардың біреуін алып еңбектеп барып, мұз сынған жерге 3-4 метрге дейін жетпей, зардап шеккен адамға қол созыңыз. Содан кейін оны судан тартып, жағаға немесе берік мұздың үстіне шығарыңыз;

– мұз астына түсіп кетсеңіз, дереу көмек шақырыңыз. Көмек келгенге дейін тыныштық сақтаңыз, абыржып, суда көп іс-әрекет жасамаңыз. Кеудеңізбен мұз шетіне сүйеніп, жағаға қарай немесе қауіпсіз жерге қарай жылжып көріңіз. Құтқарылған адамды тез арада жылытып, оған алғашқы медициналық көмек көрсету керек.

Мұздың үстіне шығу өте қауіпті екенін есте сақтаңыз.

**Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі**

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ – МӘҢГІЛІКТІҢ ФЕНОМЕНІ

Қай халықтың, ұлттың болмысына белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар екендігі шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы. Ғасырлар тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» ұлы Абай халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Жаның жабырқаған сәтте хакім Абай шығармаларын оқысаңыз болғаны, рухың оянып сала береді. Қандай ғажап құндылық, неткен жойқын күш дейсіз. Көз сүйсінеді, жүрек толқиды. Абай шығармаларының бабатанымның баспалдағы іспетті биік те мұнарлы болуының басты себебі осында жатқанын байқайсыз. Абайдың әлеміне үңілген сайын ұлтқа деген сүйіспеншілігің еселенбесе, кемімейді.

Адасқан өмір жолаушысына жетіқарақшыдай жәрдемші. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек.

Абай Құнанбайұлының өлең жолдарымен қарасөздеріафоризмге айналып кеткелі уақыт зымырап өтіп жатыр. Ақынның ұлылығы керемет. Абайдың адамдық, жастық, еңбек туралы айтқан ұлағатты сөздеріне назар аударсаңыз,бағдаршам іспеттес.

1. Бес нәрсеге асық бол... Талап еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой - Бес асыл іс көнсеңіз.
2. Адам баласы адам бала-сынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
3. Жас уақытта көңіл - гүл.
4. Жастықтың аты арындап, Тас қияға өрледің.
5. Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындап, Әр қиянға салған шақ.
6. Жастықта көкірек зор, уай-

ым жоқ.

7. Жастықта бір күлгенің мың қаралық.

8. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.

9. Егер ісім өнсін десең - ретін тап.

10.Еңбек - қуаныш,жалқаулық арылмас азап.

11. Еңбексіз мал дәметкен - қайыршылық.

12. Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын.

13. Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені.

14. Сақалын сатқан көріден, Еңбегін сатқан бала артық.

15. Орынды іске жүріп ой таппаған,

Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған.

Қасиетті болмайды, ондай жігіт,

Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

16. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты - ақыл...

17. Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата,

жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

18. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы

ақыл, Жылы жүрек.

19. Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек.

Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек.

20. Атымды адам қойған соң, Қайтып надан болайын.

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең, Жаттап, тоқы көңілге» деген

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың осы өлеңімен аяқтағым келеді.

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпес із,

өлмес өсиет қалдырып кетуді ақын сөзімен айтсақ:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...

Қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай,

өмірлік нұсқау болары анық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл

қара сөздер кез -келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл

қосушы. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Абай

феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы

ұлы құбылыс. Абай мұрасы келер ұрпаққа өшпес,өмірлік

азық,өнеге болары сөзсіз!

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА

АРНАЙЫ ПӘН ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА «BOOK TIME – 2024» ТАНЫМДЫҚ САЙЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ



оқытушысы И с к а к о - ва Рита төрелік етіп, сайыстың әділ өтуіне ықпал жасады.

С а й ы с «Білім көзі – кітапта», « М а қ а л – сөздің мәйегі », « К ө ң і л ді тапқырлар», «Өзіңді тексер» сынды

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында балаларды пән арқылы кітап оқуға қызықтыру мақсатында арнайы пән педагогтарының арасында «BOOK TIME – 2024» танымдық сайысы өткізілді. Сындарлы сайысқа арнайы пән оқытушылары: Рысбаев Шымберген Ертайұлы, Тәжібекова Салтанат Ғабиденқызы, Суханберді Гүлзат Сайдуллақызы қатысып, өз білімдерін ортаға салды.

Сайыс барысында қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік тұлға Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» шығармасы көркем әдебиет ретінде таңдалып алынды.

Танымдық шараға әлеуметтік педагог Таңатова Гүлназ бен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

кезеңдерден тұрды. Арнайы пән оқытушылары кітап оқуға құштар, ізденімпаз педагогтар екендігін көрсетіп, сайыстың көркін қыздырды.

«BOOK TIME – 2024» танымдық сайысының қортындысы бойынша арнайы пән оқытушылары: Г.Суханберді III-орынды, С.Тәжібекова II-орынды, Ш.Рысбаев I-орынды иеленді.

Кітап оқуды өздерінен бастаған жаңашыл, ізденімпаз ұстаздар қауымының тәрбиесін, тәлімін алатын студенттер де кітап оқудан алыс болмайды. Кітап оқуға үндейтін шаралардың алдағы уақытта да жалғаса беретіні сөзсіз.

Алтынгүл САНСЫЗБАЙ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің кітапханашысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Кез-келген өркениетті қоғам, оның ішінде Қазақстан мемлекеті үшін де, сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «... жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүлктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүлктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы.

Елімізде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Заманауи Қазақстанның даму барысында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Осы орайда сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Г. МЫРЗАХАНОВА,
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ!

Қазіргі таңда жол-көлік оқиғасы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткенін айтып, жол-көлік оқиғасының жиілеп кеткеніне алаңдаушылық білдірді.

Расында, жыл сайын жолда орын алатын төтенше жағдайлардан 2 мыңнан астам адам көз жұмады екен.

Жол апатының негізгі себебі – жылдамдықты арттыру, мас күйінде және ережені сақтамай көлік жүргізу. Яғни, көлік рөлін игергендер арасында жауапкершілік төмендеп, жолда жүру ережесін сақтамайтындар бар. Жол қозғалысы оқиғасы

өздігінен туындамайды. Көп жағдайларда жол көлік оқиғасы жүргізушілердің қарсы бағытқа шығып кетуі, жылдамдық режимін сақтамауы, жол таңбаларына көңіл бөлмеуі, сонымен қатар көлік тізгінінде ұйықтап кетуі салдарынан орын алып жатыр. Жол көлік оқиғасы салдарынан адамдар әр түрлі дене жарақаттарын алып, кейбір жағдайларда соңы қайғылы оқиғамен аяқталып жатады. Ол қозғалыс ережелерінің қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан болады.

Сондықтан да, барлық автокөлік жүргізушілерді жолда мұқият болып, жылдамдықты асырмай, жол ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз!

**Әліби ӘБИЕВ,
Әйтеке би кентінің
әкімі**

●Хабарландыру

2024 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 16-30-да Қазалы аудандық мәслихатының кезекті XXXII сессиясы шақырылады және сағат 15-00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы.
2. Қазалы аудандық мәслихаты төрағасының жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы есебі.
3. Қазалы аудандық мәслихатының «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссия есебі.
4. Қазалы аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту.
5. Қазалы ауданы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің даму барысы, кәсіпкерлерге көмек көрсету, қолдау шаралары және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы есебі.

Сонымен қатар 25 желтоқсан күні сағат 16-30-да Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXIII сессиясы шақырылады және сағат 15-00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібінде 2025-2027 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы мәселе қаралады.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

●Хабарландыру

Түркістан қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищесін бітіргендігі жөнінде 1986 жылы 27 маусым күні Казбекова Кунсулу Абуовнаға берілген (Диплом КТ № 137377, тіркеу № 8386) диплом қосымшасының жоғалуына байланысты құжат жарамсыз деп танылсын.

ҮҢГІР

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің тұрғыны Науан Нақышов замандасымыз ұзақ жылдар автокөлік жүргізушісі болып еңбек етті. Сөзі де, өзі де түзу, қақаң соқаңмен шаруасы жоқ азамат Қызылқұм, Қарақұмның құт қойнауын аралағандарын көпшілік бас қосқан жерде айтып отырады. Сол Науанның бір әңгімесі есімде қалыпты. Осыдан қырық жылдай бұрын Қарақалпақ еліне Жолан есімді жігітпен жолға шығады. Жолан ұзақ жылдар автодүкен жүргізушісі болғандықтан Қызылқұмды жайлаған малшылар қауымы жақсы таниды. Қызылдың қиясындағы қай жол қайда барады, қай қыстау, қай жайлауда кімдер отырғанын жақсы біледі, әрі айсыз қараңғыда жолды тауып барудың шебері. Оның үстіне әр төбе, шұңқырлардың тарихын жақсы білетіндіктен қасына ерген кісіні жалықтырмайтын сөзге шебер. Оны ауылдастары «Ақ Жолан» деп атап кеткен.

Айдау жолмен Қарақалпақ еліне жүрдек автокөлікпен жүріп келеміз. Біраз жол жүргеннен кейін Жолан маған қазір саған бір үңгірді көрсетемін деді.

Құмтөбелердің арасындағы елеусіздеу жерге келіп тоқтадық. Жан-жағы қалың сексеуіл. Қалың өскен сексеуіл мен бұтаның арасында адам еңкейіп кіретін үңгір бар екен. Жолан бастап мен оның артынан еріп үңгірге кірдік. Үңгірдің іші қараңғылау, адам елегізейтіндей кең екен. Талай адамдардың бұл үңгірді

паналағаны көрініп тұр. Ішінде от жағатын ошағы, одан сыртқа түтін шығатын мөржесі бар екен. Ішке жарық түсіріп тұратын тесіктері де бар. Сырттан қараған адамдарға тесіктермен түтін шығатын мөржесі де біліне бермейтіндей. Әр жерде аңдардың терісінен жасалған төсеніштер, көне тері, тондар, киіздер жатыр. Мені үңгірдің тарихы қызықтырды. Соны байқаған Жолан досым үңгір жайлы әңгімесін бастады.

Бұл үңгірді аштық жылдары, соғыс жылдары қарақшылар мекендеген. Олар осы маңнан өткен жолаушыларды тонаған. Қарақалпақ пен қазақ жеріне қатынағандардың көліктерін, азық-түліктерін, киім кешектерін тартып алып отырған. Қарақшылар қолынан өлтірілгендері де бар деседі.

Бір күні Қарақалпаққа бара жатырған азаматтың әйелін, түйеге теңдеп бара жатырған азықтарын қарақшылар тартып алады.

Қалғандары арып ашып әрең егенде елдеріне жетеді. Сонда ауылдың батыр жігіті сол үңгірді көрйінші, әрі мүмкіндік болса қарақшылардан әйелді босатып алып қайтамын деген үмітпен түйеге екі қап қауынды теңдеп алып үңгірдің қай жерде екенін тәптіштеп сұрап алып жолға шығады. Үңгірдің маңына келгенде қарақшылардың басшысы әлгі жігітті түйесімен, қауынымен қоса үңгір жанына әкеледі. Үңгір ішінде тұтқынға түскен әйел де бар екен. Қарақшылардың басшысы

жігітті қайда барасың, не істеп жүрсің,- деп сұрақтың астына алады.

-Сіз мұсылманның баласысыз ғой, мынау аулымыздың бетке ұстар әйелі еді. Әйелді менімен еліне қайтар, мына екі қап Сыр бойының дәмді қауынын сыйға тартауға келдім,- дейді:

Қарақшылардың басшысы: -Бұл әйелді алып қайтпақ түгілі, өзіңнің аман қайтуыңды ойламай отырған нағыз ақымақ екенсің,- деп гүжілдейді.

Белінде кішігірім қынға салынған қылышқа ұқсас қанжары бар қарақшылардың басшысы сыртқа шығып кетеді. Оңаша қалғанда әйел:

-Неге келдің, сорлы ау, енді сені жібермей өлтіреді. Мені алып кетемін демей-ақ, кетіп бара жатырған, жолаушымын дегенінде өлтірмей, заттарыңды, қауыныңды алып қалып сені жіберетін еді,- дейді.

-Бұлардың қалғандары қайда,- дейді жігіт.

-Оннан астам адам. Олар таң ата басшыларынан тапсырма алып кетеді. Қас қарая келеді. Жолаушылардан тонағандарын басшыларына тапсырады. Түнде бәрі осы үңгірде қонады, тамақтанады. Күндіз басшылары іште қалады. Түнгі ұйықтаған кездерінде сыртта екі адамнан күзет болады,-деп әйел білгендерін айтады.

Жігіт: -Мен ондасені бұлардан Құдай қаласа құтқарып алып кететін шығармын,- дейді сенімді түрмен.

-Сорлы-ау, мені бұл бөледен қалай құтқарып алып

кетпекшісің. Түнде сыртта күзет. Күндіз мына аждаһар бар. Одан да өзіңнің аман -есен құтылып шығуыңды ойласайшы, бауырым,- деп әйел көз жасын көлдетеді.

Біршама уақыттан соң қарақшылардың басшысы ішке кіреді де: -Әй жігіт, мына сырдың қауындарын біраз жерден еңбектеніп әкелген екенсің деп ортаға қойып жарады. Тұтқын әйелдің де, жігіттің де алдына қауынның тіліктерін қояды. Бас қарақшы қауынды бөлшектеп, аузына сиятындай етіп қанжарымен шаншып жеп отырады. Біраздан соң мына қауынның өте дәмдісін ай деп қауынды қанжар пышағымен шаншып аузына апара бергенде жігіт өте шапшаңдықпен қанжардың сабының ұшынан қатты ұрып жібереді. Өткір қанжар қарақшы басшысының желкесінен шығады. Талайдың жанын осы қанжармен жаһаннамға жіберген түрі сұсты күжбан дәу қарақшы көзі аларып шалқасынан құлай береді. Әйел шошып кетіп, не болғанын білмей сасып қалады. Әйелді қолынан жетектеп сыртқа алып шығып, өзінің мініп келген түйесіне мінгізіп, өзі бас қарақшының арқаңдаулы тұрған атын ерттеп мініп, дұшпанының қанжарын беліне байлап жүргіншілер жолына жоламай жеделдетіп туралап елеусіз жерлермен елдеріне қарай тартқан екен,- деп Жолан досым әңгімесін түйіндеді.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.